

**Қаракемер мектеп -балабақшасы бойынша
2023-2024 оқу жылындағы
Мектепшілік бақылау жұмысының қорытынды талдауы.**

Қазақстан Республикасының БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес Қаракемер мектеп балабақшасында мектепшілік бақылау жұмыстары н атқару жоспары құрылып бекітілді. Мектепшілік бақылау дың негізгі мақсаты: педагогикалық прцестің жұмыс барысы мен дамуының Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын сәйкестендіру. Әр оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім беру мүмкіндіктерін және денсаулық жағдайын ескере отырып, оқушылардың даму динамикасын, педагогтердің білім беру әлеуетін іске асыруды бақылау негізінде оқу процесін жетілдіру.

Атаған мақсатты жүзеге асыруда сынып жетекшілердің күнтізбелік жоспарларының жүргізілуі, үйірме жұмыстарының уақытылы жүргізілуі, мектеп асханасының тамақтануды ұйымдастыру жағдайы, ата аналар жиналыстарының жүргізілуі, ата ана қатысымы, оқулықтардың оқу әдістемелік кешендерінің берілуі, 1-5 сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері және мектепке, орта буынға бейімделуі, жоғарғы сынып оқушыларының психологиялық ахуалы, “Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы” жұмысының ұйымдастырылуы, оқушылардың тегін тамақпен қамтылуы. Оқушыларға құқықтық сабақтардың жүргізілуі, құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстардың жүргізілуі, әлеуметтік әлсіз топтағы оқушылармен жұмыс, сынып сағаттарының өтілуі, білім алушылардың ата аналарының қатысуымен өтетін жиналыстары мен шараларды өткізу сапасы, “Тәуекел” тобындағы балалармен, аз қамтылған отбасылармен , өгей ата анамен тұратын оқушылармен жүргізілген жұмыстар. Мектеп психологының суицидтік мінез құлықтың алдын алу, агрессияны жеңу мақсатында атқарған жұмыстары, агрессияны жеңу мақсатында атқарған жұмыстары, әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарының орындалуы, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған жұмыстардың жай күйі бақыланып зерделеніп, уақытылы әдістемелік көмектер, кеңестер ұсыныстар берілді.

Мектепшілік бақылау жұмысы нәтижесінде:

Мектеп құжаттарының жағдайы және жүргізілуі іске асырылды.

Оқушылардың даму динамикасы бақыланды, жартыжылдық және бойы олардың деңгейлері белгіленді.

Еңбек тәртібі мен мектепшілік тәртіп ережелері сақталды.

Педагогтердің жауапкершіліктері артып, оқу тәжірибесіне жаңа, озық инновациялық әдістерді жүзеге асырылды.

Ұжымның және оның жеке мүшелерінің жұмысында жоспарланған нәтижелерден ауытқулар уақытылы анықталып, көмек беріліп, “мұғалім”, “оқушы”, “жетекші мұғалім” сенім және бірлескен атмосфера құрылды.

Жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу мақсаттары табысты жүзеге асты

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Г.К.Доскалиева